

Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Астана қ.

№24/359

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын "Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының "Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны, Жарғы негізінде әрекет ететін директор Муслимов Талгат Ускенович атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын "А-Трейд", Өнім берушінің негіздемесі негізінде әрекет ететін Басшысы Ілиясов Аслан Бауржанұлы атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) және «2024-04-05» жыл № 11591365-ОК1 «Ашық конкурс» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде осы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:

1 Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

1.2 Төмендегі санамаланған құжаттар және оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтсақ:

- 1) осы Шарт;
- 2) лоттар тізбесі және тауарларды жеткізу шарты (1-қосымша);
- 3) техникалық ерекшелік (2-қосымша).

2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және 19 847 307.20 (он тоғыз миллион сегіз жүз қырық жеті мың үш жүз жеті тенге жиырма тиын)) теңгені құрайды және Тауарлар жеткізумен байланысты барлық шығыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдарды, оның ішінде ҚҚС 2 126 497.20 тенге (екі миллион жүз жиырма алты мың төрт жүз тоқсан жеті тенге жиырма тиын) (бұдан әрі - Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2 Жеткізілген Тауар үшін төлемді Тапсырыс беруші Тауарларды қабылдап алу-беру актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы жүргізеді

2.3 Сандық және құндық шамадағы жеткізілетін тауар көлемі Шартқа 1-қосымшада келтірілген.

2.4 Төлеу алдындағы қажетті құжаттар

- 1) қол қойылған Шарт;



2) жүкқұжат

3) Тауарларды қабылдап алу-беру актісі (актілері);

4) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 44-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамту туралы есеп;

5) жеткізілген тауарлардың санын, бірлік бағасы мен жалпы сомасын сипаттай, көрсете отырып, Өнім беруші Тапсырыс берушіге ұсынған электрондық шот-фактура;

3 Тараптардың міндеттемелері

3.1 Өнім беруші мыналарға:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жалпы 5 280 617.22 ((бес миллион екі жүз сексен мың алты жүз он жеті тенге жиырма екі тиын)) құрайтын Шарттың жалпы сомасының 595 419.22 теңгеге тең 3 (үш) пайызы мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын және 0.00 теңгеге Шартқа 1-қосымшаға сәйкес шарт мәні бойынша көзделген аванс мөлшерін, сондай-ақ 4 685 198.00 теңгеге тең Заңның 26-бабына сәйкес соманы енгізуге төмендегідей түрде енгізуге міндеттенеді:

әлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақша;

не:

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 38-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік.

не:

шарттың орындалуын қамтамасыз ету (авансты қамтамасыз ету) мақсаттары үшін, «Өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырудың үлгілік шартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 23 ақпандағы № 206 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12599 болып тіркелген) бекітілген, өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырудың үлгілік шартқа сәйкес жасалатын өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шартын электрондық құжат нысанында не қағаз тасығышта ұсынылады.

Өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді (авансты қамтамасыз етуді) веб-порталда оның электрондық көшірмесін орналастыра отырып, қағаз тасығышта ұсынған кезде түпнұсқа тапсырыс берушіге шарттың орындалуын қамтамасыз етуді (авансты қамтамасыз етуді) ұсынудың түпкілікті мерзіміне дейін ұсынылады.

Тапсырыс беруші сақтандыру шартын алу фактісін қағаз тасығышта өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарттарын тіркеу журналында тіркейді.

Бұл ретте, Шарттың орындалуын қамтамасыз ету өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін Шарт бойынша міндеттемелерді толық және тиісінше орындаған жағдайда енгізбеуі мүмкін;

3) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға тауарлардың сәйкестігін қамтамасыз етуге;

4) Тауарларды түпкілікті арналған пунктіне тасымалдау кезінде олардың бұзылудан немесе бүлінуден сақтай алатын орауышын қамтамасыз етуді. Орауыш қандай да бір шектеусіз қарқынды жүктеу, тасымалдау өңдеуі мен экстремалды температуралардың әсерлеріне,



тасымалдау кезінде тұздар мен жауын-шашынға, сондай-ақ ашық түрде сақтауға төзе алатын болуы қажет. Оралған жәшіктер габариттері мен олардың салмақтарын айқындау кезінде, Тауарлар тасымалының барлық пункттерінде жеткізудің соңғы пунктінің алыстылығын және қуатты жүккөтергіш құралдарының бар болуын ескеру қажет;

5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

6) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

7) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

8) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

9) Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен бекітілген тауарларды қабылдап алу-беру актісін, сондай-ақ осы Қағидаларға 44-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамту туралы есепті ресімдеуге және жіберуге;

10) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға міндеттенеді.

3.2 Өнім беруші:

1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша жеткізілген Тауарларға төлем талап етуге;

2) Тапсырыс берушімен алдын ала орындау мерзімін келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуге құқылы.

3.3 Тапсырыс беруші:

1) тауар жеткізу үшін Өнім берушінің мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

2) тауардың сәйкессіздіктері мен кемшіліктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;

3) тауарды қабылдап алу кезінде веб-портал арқылы Тауарды қабылдап алу-беру актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 546-тармағында белгіленген мерзімде оны қабылдамаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып, Тауарды қабылдаудан бас тартуға.

Бұл ретте тауарды қабылдап алуды Тапсырыс беруші немесе сенімхат бойынша оның өкілі жүзеге асырады;

4) тауарды (тауарларды) қабылдау-беру актісі бекітілгеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электрондық нысанда жазып беру



қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Өнім беруші жазып берген шот-фактураны қабылдауға;

5) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

3.4 Тапсырыс беруші:

1) жеткізілген Тауарлардың сапасын тексеруге;

2) Тауар мерзімінен бұрын жеткізілген жағдайда Тапсырыс беруші Тауарды мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуден бас тартуға оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда жол беріледі.

4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген Тауарлардың техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

4.2 Осы Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3 Егер тексеру кезінде жеткізілген Тауарлардың нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде қолданады.

4.4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестілігін тексеру Өнім беруші немесе қосалқы мердігер(лер) аумағында, жеткізу орнында және (немесе) Тауарлардың түпкілікті мақсат пунктіне жүргізілуі мүмкін. Егер олар Өнім беруші немесе оның қосалқы мердігері(лері) аумағында жүргізілетін болса, Тапсырыс беруші инспекторларына, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, сызбалар мен өндірістік ақпараттарға рұқсатты қоса алғанда, барлық қажетті құралдар мен көмек ұсынылатын болады.

4.5 Жоғарыда көрсетілген тармақтың ешқайсысы Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

5 Тауарларды жеткізу және құжаттама

5.1 Өнім беруші Тауар арналған пунктте Тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынады:

1) ақпарат Тауардың өзінде және/немесе орамасында көрсетілген не Тауар сапасы дайындаушы кәсіпорынның мөртаңбасымен немесе белгілерді таратып жаза отырып, басқа белгімен Тауардың өзінде және/немесе оның орамасында расталған жағдайларды қоспағанда, Тауардың жиынтығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдігі туралы мәліметтерді және Тауардың сапасын және оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын дайындаушы зауыт (жөнелтуші) берген зауыттың сапа сертификатының және/немесе

техникалық паспорттың түпнұсқалары немесе нұсқадан жасалғандығын растайтын көшірмелері;

Осы құжаттар электрондық құжат және электрондық қолтаңба туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

2) сәйкестігін міндетті түрде растауға жатпайтын Тауарларды қоспағанда, өнім беруші растаған Тауардың сәйкестігін бағалау туралы құжаттың (сәйкестік сертификаты / сәйкестігі туралы декларация / мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) көшірмесі;

3) Дайындаушының немесе Өнім берушінің (қажет болған кезде) кепілдік (міндеттеме) сертификаты;

4) егер Тауар Қазақстанда шығарылған болса, онда «Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 13 шілдедегі № 454-НҚ бұйрығымен бекітілген тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23514 болып тіркелген) (бұдан әрі – Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидалары) сәйкес белгіленген тәртіппен берілген «СТ-KZ» Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе белгіленген үлгідегі көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі ұсынылады.

Егер қазақстанда шығарылған жеткізілетін тауарлардың көлемі екі және одан да көп бірлікті құраса, онда Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға сәйкес жеткізілетін көлемге (үлгіге берілген сертификатты қоспағанда) немесе сериялық өндіріс өніміне берілген «СТ-KZ» Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе белгіленген үлгідегі көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі ұсынылады.

Егер Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларында белгіленген тәртіппен шығарылған елдің тиісті органы берген тиісті Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе көшірмесі беріледі.

Осы тармақтың 4) тармақшасының талаптары құны республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға ғана қолданылады.

5.2 емесе бүлінуі тәуекелін қоса алғанда, онымен байланысты барлық тәуекелдер Тараптар Тауарды қабылдап алу-беру актісіне қол қойған сәттен бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Осы сәттен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Өнім беруші Тапсырыс берушіден Тауарды қабылдау кезінде анықтау мүмкін болмаған Тауардың ақаулықтарына байланысты кінәраттарды қабылдайды.

5.3 Жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

5.4 Осы Шарттың 5.3-тармағының талаптары сақталған кезде Тауарды жеткізу/беру күні деп өнім берушінің веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін

6 Кепілдік. Сапа

6.1 Өнім беруші осы Шарт шеңберінде жеткізілетін Тауардың:

1) сапалы және сатып алынатын тауарларға ұлттық стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келетініне;

2) жаңа, пайдаланылмаған, зауыт орамасында, материалы мен орындауында ешқандай ақаулықтары жоқ екендігіне;

3) өнеркәсіптік және (немесе) басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғаның кез келген құқықтары мен талаптарынан бос екеніне кепілдік береді.

6.2 Тапсырыс беруші алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей өнім берушінің тауарды қабылдау-беру актісін ресімдегені туралы хабарламаның веб-порталында осы Шарт бойынша ақпаратты толтырады және оған электрондық-цифрлық қолтаңбамен қол қояды не дәлелді негіздемелерді көрсете отырып, тауарды қабылдаудан бас тартады.

Тапсырыс беруші жеткізілген тауарды қосымша зерделеу қажет болған кезде хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген іс-қимылдарды орындайды, бұл туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей өнім берушіге веб-портал арқылы хабарлайды.

6.3 Жеткізілетін Тауардың кепілді кезең Тауар Тапсырыс берушінің қоймасына түскен күннен бастап 12 (он екі) күнтізбелік ай деп белгіленеді. Ауыстырылған немесе жөнделген Тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа Тауарға ауыстырылған сәттен бастап басталады. Тауар ақауларын жою, ауыстыру бойынша, оның ішінде кедендік тазалауға байланысты барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Егер туындаған ақауларды жоюда іркіліс Өнім берушінің кінәсінен болған жағдайда кепілдік беру мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылатын болады.

7 Тараптардың жауапкершілігі

7.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.3 Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

— 7.4 Өнім беруші Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, күнтізбелік он бес күннен аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6 Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша Тауар жеткізу үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе Тауар жеткізу кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.

7.7 Өнім беруші толығымен де, ішінара да біреуге осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бермеуі тиіс.

7.8 Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, авансты қамтамасыз етуді (егер шартта аванс көзделген болса), сондай-ақ Өнім беруші осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына байланысты бұзылған жағдайда, Заңның 26-бабына сәйкес Өнім беруші енгізген соманы (бар болса) қайтармайды.

7.9 Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда Шарттың жалпы сомасының 10 % мөлшерінде бір-ақ рет айыппұл ұстайды (өндіріп алады).

7.10 Тараптар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарының сақталуына және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жетілдірілуіне кепілдік береді. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тарту тәуекелін барынша азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді».

8 Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары

8.1 Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2024-12-31 дейін қолданылады.

8.2 Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп біржақты тәртіпте Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тез арада жүзеге асырылады, және Тапсырыс беруші егер Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту ешқандай залал келтірмейтін немесе салдарынан Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын қандай да бір әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға құқықтарды қозғамайтын шартта Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

8.3 Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп

1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса;

2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.



8.4 Шарт мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс:

1) оның негізінде осы Шарт жасалған сатып алуға қатысты Заңның 6-бабында көзделген шектеулердің бұзылуының анықталуы;

2) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы Өнім берушіге Заңда көзделмеген қолдауды көрсету;

3) Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін қызмет көрсетілген жағдайды қоспағанда, Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) Заңның 26-бабына сәйкес соманы енгізбеу жолымен Шарт жасасудан жалтарса кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс.

8.5 Шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда оны тараптардың келісімі бойынша бұзуға болады.

Шарт жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты жойылған кезде Өнім беруші Шарт бойынша бұзылуға байланысты бұзылған күнге іс жүзіндегі шығындар үшін ақы талап етуге құқылы болады.

9 Хабарлама

9.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

10 Форс-мажор

10.1 Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар оның толық немесе ішінара орындалмауы үшін жауапкершілік көтермейді.

10.2 Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші өзінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен айырылмайды және Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.

10.3 Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.4 Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

11 Даулы мәселелерді шешу

11.1 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.



11.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

12 Өзге де шарттар

12.1 Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

12.2 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

12.3 Өнім берушінің таңдауы үшін негіз болған сапаның өзгермеуі шарты мен басқа да шарттарда жасалған Шартқа өзгерістер енгізуге Заңның 45-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда жол беріледі.

12.4 Тараптардың біреуінің Шарт бойынша міндеттерін беруіне тек екінші Тараптың жазбаша келісімімен жол беріледі.

12.5 Шарт веб-портал арқылы жасалған бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде жасалды.

12.6 Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

13 Реквизиттер

Тапсырыс беруші:

"Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының "Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны
г.Астана, район Есиль, пр.Мәңгілік Ел, 6,
"Үкімет үйі"
БСН 020440003656
БСК HSBKZKX
ЖСК KZ95601A871003338821
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ
Тел.: 74-03-83
директор Муслимов Талгат Ускенович

Өнім беруші (Өнім беруші ақша талабын (факторингті) басқаға беру арқылы қаржыландыру шартын жасасқан кезде қаражат алушы):
"А-Трейд"
г.Алматы, Наурызбайский район,
Аксайская, 290
БСН/ЖСН 911023351042
БСК IRTYKZKA
ЖСК KZ2396502F0014309843
"ForteBank" АҚ
Тел.: +77473339971
Басшысы Илиясов Аслан Бауржанұлы

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК - банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН - төлеушіні есепке алу нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. - тегі аты әкесінің аты



Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №: 11591365-1

Электрондық конкурстың атауы: Объявление о государственных закупках

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, соның ішінде ҚҚС, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орындар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, соның ішінде ҚҚС, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
2024 қаржылық жыл												
68391737-OK1	"Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының" Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Оқшаулау костюмы	әмбебап, химиялық заттардан қорғау үшін, матадан	Жалпы әскери қорғаныс жиынтығы күшті әсер ететін улы заттардан, көміртегі тотығынан және күкіртті сутектен қорғауға арналған. Костюм материалы: Жалпы әскери қорғаныс жиынтығына шапан, шұлық, жөнеқолғап. Шапанның екі едені, кең жақтары, манжеттері бар жеңдері капюшоны, орамалы, таспалары, бекіткіштері бар. ГОСТ 27652-88	Комплект	13	47 600.00	Шарт жасалған сәттен бастап 40 күнтізбелік күн ішінде.	Шарт жасалған сәттен бастап 40 күнтізбелік күн ішінде.	Астана қ., Есіл ауданы Мәңгілік Ел, 6 (13)	0	618 800.00
2024 қаржылық жыл												



68385267-OK1	"Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының" "Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Бәтіңке	майланған беттер бойынша сырғудан қорғауға арналған, ерлердікі, былғары, іші жылы	"Арнайы аяқ киімді - жалпы өндірістік ластанудан және механикалық әсерлерден (бұдан әрі - аяқ киім) қорғау үшін суық мезгілде жұмыстарды орындайтын жұмыскерлерге арналған қысқы ерлер аяқ киімін (бұдан әрі - Аяқ киім). Екі қабатты полиуретанды табаны бар қорғаныш етік агрессивті сыртқы факторларға төзімді табиғи юфт былғарыдан жасалған. Былғары. 500 г кем емес және 750 г артық емес. басы 200 Дж дейін соққы жүктемесі бар металл науамен қорғалған. Табаны құю әдісімен жасалған, қышқыл-сілтілі заттардың (20%), май-бензол қосылыстары мен мұнай өнімдерінің әсеріне төзімді. Етіктің жұмыс температурасы - 35С-тан +85С-қа дейін. Етіктің өкше бөлігіндегі амортизатор аяқтар үшін қосымша жайлылықты қамтамасыз етеді. ЭВА анатомиялық табаны басының жайлылығын қамтамасыз етеді және аяқтың жүктемесін азайтады. Аяқ киімнің түсі: қара. Аяқ киім өлшемдерінің ауқымы: 34-тен (ең төменгі) 54 дейінгі (ең жоғарғы) өлшемдері. ГОСТ 12.4.127-83 КСРО Министрлер Кеңесі Мемлекеттік стандарттар комитетінің 24.05.83 жылғы № 2305 қаулысымен бекітілген. "	Жүп	350	15 512.00	Шарт жасалған сәттен бастап 40 күнтізбелік күн ішінде.	Шарт жасалған сәттен бастап 40 күнтізбелік күн ішінде.	Астана қ., Есіл ауданы Мәңгілік Ел, 6 (350)	0	5 429 200.00
--------------	---	---------	---	---	-----	-----	--------------	--	--	---	---	-----------------

2024 қаржылық жыл

68385607-OK1	"Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының" "Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Бәтіңке	механикалық әсерлерден қорғауға арналған, әйелдерге арналған, былғары, іші жылы	"Арнайы аяқ киімді - жалпы өндірістік ластанудан және механикалық әсерлерден (бұдан әрі - аяқ киім) қорғау үшін суық мезгілде жұмыстарды орындайтын жұмыскерлерге арналған қысқы әйелдер аяқ киімін (бұдан әрі - Аяқ киім). Екі қабатты полиуретанды табаны бар қорғаныш етік агрессивті сыртқы факторларға төзімді табиғи юфт былғарыдан жасалған. Былғары. 500 г кем емес және 750 г артық емес. Басы 200 Дж дейін соққы жүктемесі бар металл науамен қорғалған. Табаны құю әдісімен жасалған, қышқыл-сілтілі заттардың (20%), май-бензол қосылыстары мен мұнай өнімдерінің әсеріне төзімді. Етіктің жұмыс температурасы - 35С-тан +85С-қа дейін. Етіктің өкше бөлігіндегі амортизатор аяқтар үшін қосымша жайлылықты қамтамасыз етеді. ЭВА анатомиялық табаны басының жайлылығын қамтамасыз етеді және аяқтың жүктемесін азайтады. Аяқ киімнің түсі: қара. Аяқ киім өлшемдерінің ауқымы: 34-тен (ең төменгі) 48 дейінгі (ең жоғарғы) өлшемдері. ГОСТ 12.4.127-83, СТ СЭВ 3402-81 енгізілген, Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі халықаралық кеңестің 3-93 хаттамасына сәйкес қолданыста. "	Жүп	102	15 904.00	Шарт жасалған сәттен бастап 40 күнтізбелік күн ішінде.	Шарт жасалған сәттен бастап 40 күнтізбелік күн ішінде.	Астана қ., Есіл ауданы Мәңгілік Ел, 6 (102)	0	1 622 208.00
--------------	---	---------	---	---	-----	-----	--------------	--	--	---	---	-----------------

2024 қаржылық жыл



68380050-OK1	"Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының "Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Шолақ бөтенке	механикалық әсерлерден қорғауға арналған, ерлердікі, былғарыдан жасалған, жылытылмаған	Арнайы аяқ киімді - өндірістік персоналға арналған ерлердің жабық үй-жайларда киюге, жалпы өндірістік ластанудан және механикалық әсерлерден қорғауға арналған жартылай аяқ киім жұбын (сандалет) (бұдан әрі-Аяқ киім). үстіңгі жағы тегіс жұмсақ табиғи былғары немесе микрофибра, астары - тоқыма, бактерияға қарсы материал, табаны - полиуретан, шұлық - беріктігі кемінде 200 Дж композиттік материал, үстіңгі жағын табанға бекіту әдісі - тікелей кіргізу. Былғары, 500 г кем емес және 900 г артық емес. Ыңғайлы, берік, ауаны жақсы өткізеді, тозуға төзімді, химиялық заттардың әсеріне төзімді, табаны сырғып кетпейді, кірден оңай сүртіледі. Түсі қара. Аяқ киім өлшемдерінің ауқымы: 34-тен бастап (ең төменгі) 54 (ең жоғарғы) өлшемге дейін. ГОСТ 12.4.127-83, СТ СЭВ 3402-81 енгізілген, Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі халықаралық кеңестің 3-93 хаттамасына сәйкес қолданыста.	Жүп	513	10 550.40	Шарт жасалған сәттен бастап 40 күнтізбелік күн ішінде.	Шарт жасалған сәттен бастап 40 күнтізбелік күн ішінде.	Астана қ., Есіл ауданы Мәңгілік Ел, 6 (513)	0	5 412 355.20
--------------	--	---------------	--	---	-----	-----	--------------	--	--	---	---	-----------------

2024 қаржылық жыл

68388271-OK1	"Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының "Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Көзілдірік	қорғаушы	Жеке қорғаныс құралдарын - адамның көзін зиянды әсерлерден қорғайтын Көзілдірік. жақтауы жұмсақ ПВХ-дан жасалған, реттелетін серпімді резеңке, киюге ыңғайлы, жанама желдеткі бар жабық көзілдірік. Шаң мен сұйық химиялық заттардың енуінен қорғайтын төрт саңылау. Қорғаныс қасиеттері: линзаның поликарбонаты ұшатын бөлшектерден, ультракүлгін сәулеленуден, шаң мен сұйық химиялық заттардың әсерінен қорғайды. 180 градус панорамалық көріністі қамтамасыз етеді. 100 гр. кем емес және 250 гр. артық емес. Көзілдіріктің түсі: ақ, 60мм-ден (ең төменгі) 76мм дейінгі (ең жоғарғы) өлшемдері. ГОСТ 12.4.153-85 Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі халықаралық кеңестің 3-93 хаттамасына сәйкес қолданыста.	Дана	115	2 296.00	Шарт жасалған сәттен бастап 40 күнтізбелік күн ішінде.	Шарт жасалған сәттен бастап 40 күнтізбелік күн ішінде.	Астана қ., Есіл ауданы Мәңгілік Ел, 6 (115)	0	264 040.00
--------------	--	------------	----------	---	------	-----	----------	--	--	---	---	---------------

2024 қаржылық жыл



68387636-OK1	"Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының "Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімшілігі мен Үкіметінің өкімшілік ғимараттары дирекциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Каска	пластмассадан жасалған	Қорғаныс каскасы жұмысшының басын соққыдан қорғай отырып, басқа механикалық әсерлерден, жылу мен электр тогынан қосымша қорғауды қамтамасыз етуі керек. Полиэтиленнен жасалған жеңіл қорғаныс каскасы, ықшам өлшемі тамаша тепе-теңдік пен тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Каскада қысқа күнқағар, шуға қарсы құлаққаптарды бекітуге арналған слоттар, қорғаныс бет қалқандары болады және бастың өлшемі бойынша оңай реттелуі тиіс. 350 гр. кем емес және 450 гр. артық емес. Касканың температуралық режимі: - 50-ден + 50С дейін Касканың түсі: ақ. Каска өлшемдерінің ауқымы: 53-тен (ең төменгі) 62 дейінгі (ең жоғарғы) өлшемдері. ГОСТ EN 397-2012, ҚР Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің 2021 жылғы 1 маусымдағы № 187-НҚ бұйрығымен бекітілген.	Дана	70	3 830.40	Шарт жасалған сәттен бастап 40 күнтізбелік күн ішінде.	Шарт жасалған сәттен бастап 40 күнтізбелік күн ішінде.	Астана қ., Есіл ауданы Мәңгілік Ел, 6 (70)	0	268 128.00
--------------	---	-------	------------------------	--	------	----	----------	--	--	--	---	------------

2024 қаржылық жыл

68380741-OK1	"Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының "Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімшілігі мен Үкіметінің өкімшілік ғимараттары дирекциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Шабата	күнделікті, әйелдерге арналған, полимерлік материалдардан жасалған	Арнайы аяқ киімді - өндірістік персонал үшін, жабық үй-жайларда киюге, жалпы өндірістік ластанудан және механикалық әсерлерден қорғауға арналған әйелдер крокстарын (аяқ киім жұбы) (бұдан әрі - Аяқ киім), этилен винилацетат (ЭВА). Үстіңгі жағын табанға бекіту әдісі - тұтас құйылған. Резенке. 110 г кем емес және 250 г артық емес. Аяқ киімнің түсі: ақ, Жуу, тазалау, кептіру, дезинфекциялау кезінде олардың қасиеттерін өзгертпеу керек. Материалдың артықшылығы - жеңілдік, жұмсақтық, беріктік, икемділік, гипоаллергенділік, уытты еместік, бактерияға қарсы, су өткізбейтін, тозуға төзімді, химиялық заттардың әсеріне төзімді, сырғып кетпейді, оңай сүртіледі, амортизациялық әсері бар. Аяқ киім өлшемдерінің ауқымы: 34-тен бастап (ең төменгі) 48 дейінгі (ең жоғары) өлшемдер. СТ РК 1059-2002, Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау комитетінің 2002 жылғы 19 шілдедегі № 240 бұйрығымен бекітілген.	Жұп	740	6 518.40	Шарт жасалған сәттен бастап 40 күнтізбелік күн ішінде.	Шарт жасалған сәттен бастап 40 күнтізбелік күн ішінде.	Астана қ., Есіл ауданы Мәңгілік Ел, 6 (740)	0	4 823 616.00
--------------	---	--------	--	--	-----	-----	----------	--	--	---	---	--------------

2024 қаржылық жыл



68388686-OK1	"Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының "Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Белдік	сақтандыратын, сақтандырғыш, иық баулы, амортизатормен	Белбеу сақтандыру белдігі биіктікте және тіректе жұмыс істеу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған. белбеусіз белдік, тізбекті металл фалы, фигураға сәйкес реттелетін кең кушағы бар. Итарқа ұзындығы, оның ішінде карабин: тізбектен - 1420 мм Статикалық үзілу жүктемесі: 15000 Н (1500 кгс) кем емес Белді қамту шамасы: 740-1440 мм. ГОСТ 12.4.089-86 Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі халықаралық кеңестің 4-93 хаттамасына сәйкес қолданыста.	Дана	40	14 000.00	Шарт жасалған сәттен бастап 40 күнтізбелік күн ішінде.	Шарт жасалған сәттен бастап 40 күнтізбелік күн ішінде.	Астана қ., Есіл ауданы Мәңгілік Ел, 6 (40)	0	560 000.00
--------------	--	--------	--	--	------	----	-----------	--	--	--	---	------------

2024 қаржылық жыл

68385791-OK1	"Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының "Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Пима	өндірістік, ерлердікі, қой жүнінен, галостарымен бірге	Арнайы аяқ киімді - суық мезгілде жұмысты орындайтын қызметкерлерге арналған табаны резеңке төмен температурадан қорғауға арналған арнайы киізден жасалған аяқ киімді (бұдан әрі - Аяқ киім). Табаны резеңке төмен температурадан қорғайтын арнайы киізден жасалған аяқ киім. Аяқ киімнің жоғарғы жағы табиғи жүн, табаны резеңке. Аяқ киімнің құрамы: жүн және резеңке. 500 г кем емес және 1000 г артық емес. Аяқ киімнің түсі: қара. Аяқ киім өлшемдерінің ауқымы: 34-тен (ең төменгі) 54 дейінгі (ең жоғары) өлшемдер. ГОСТ 12.4.050-78 СТ СЭВ 3402-81 енгізілген, Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі халықаралық кеңестің 3-93 хаттамасына сәйкес қолданыста.	Жұп	15	19 600.00	Шарт жасалған сәттен бастап 40 күнтізбелік күн ішінде.	Шарт жасалған сәттен бастап 40 күнтізбелік күн ішінде.	Астана қ., Есіл ауданы Мәңгілік Ел, 6 (15)	0	294 000.00
--------------	--	------	--	--	-----	----	-----------	--	--	--	---	------------

2024 қаржылық жыл

68387201-OK1	"Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының "Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Етіктер	өндірістік ластанулардан қорғауға арналған, ерлердікі, резеңкелі, жылытылмаған	Арнайы аяқ киімді - өндірістік персонал үшін, ерлердің, жалпы өндірістік ластанудан және механикалық әсерлерден қорғауға арналған резеңке аяқ киім жұбы (бұдан әрі - Аяқ киім). Резеңке етік аяқ киімнің жоғарғы жағы - нитрилді резеңке қосылған ПВХ. Астары тоқыма, қорғаныш басы металл. Бекіту әдісі - құйылмалы. Аяқ киімнің материалы: резеңке. 500 г кем емес және 750 г артық емес. Аяқ киімнің түсі: қара. Аяқ киім өлшемдерінің ауқымы: 34-тен (ең төменгі) 54 дейінгі (ең жоғарғы) өлшемдері. ГОСТ 12.4.145-84 78, Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі халықаралық кеңестің 7-95 хаттамасына сәйкес қолданыста.	Жұп	25	12 790.40	Шарт жасалған сәттен бастап 40 күнтізбелік күн ішінде.	Шарт жасалған сәттен бастап 40 күнтізбелік күн ішінде.	Астана қ., Есіл ауданы Мәңгілік Ел, 6 (25)	0	319 760.00
--------------	--	---------	--	---	-----	----	-----------	--	--	--	---	------------

2024 қаржылық жыл

68388529-OK1	"Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының "Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Белдік	парашютисттің салмағын теңестіруге арналған	Белбеу қауіпсіздік белдігі құдықтарда, резервуарларда және басқа да жабық кеңістіктерде жұмыс істеу үшін ұстап тұры байламы ретінде және сақтандырғыш байламы ретінде биіктікте жұмыс істеу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған. 3 және 4 бекіткіштері бар белдік белбеуі, жеңілдетілген дизайн белбеуі аяқ белдіктерінде орналасқан ілмектердің көмегімен қарапайым өлшемді реттеуге тиіс, екі карабині болуы керек. Статикалық үзілу жүктемесі: 15000 Н (1500 кгс) кем емес Салмағы: 1,9 кг артық емес Белді қамту шамасы: 800-1500 мм. Кушак ұзындығы: 650 мм. Белдік белбеу ұзындығы: 1420 мм ГОСТ 12.4.089-86 Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі халықаралық кеңестің 4-93 хаттамасына сәйкес қолданыста.	Дана	6	39 200.00	Шарт жасалған сәттен бастап 40 күнтізбелік күн ішінде.	Шарт жасалған сәттен бастап 40 күнтізбелік күн ішінде.	Астана қ., Есіл ауданы Мәңгілік Ел, 6 (6)	0	235 200.00
--------------	--	--------	---	--	------	---	--------------	--	--	---	---	---------------



Договор о государственных закупках товаров

г.Астана

№24/359

Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения "Дирекция административных зданий Администрации Президента и Правительства Республики Казахстан" Управления делами Президента Республики Казахстан", именуемый (ое)(ая) в дальнейшем «Заказчик», от лица которого выступает директор Муслимов Талгат Ускенович, действующий на основании Устава, с одной стороны и "А-Трейд", именуемый(ое)(ая) в дальнейшем «Поставщик», от лица которого выступает Руководитель Илиясов Аслан Бауржанұлы, действующий на основании Основание поставщика, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», на основании Закона Республики Казахстан от 4 декабря 2015 года «О государственных закупках» (далее - Закон) и итогов государственных закупок способом «Открытый конкурс» от 2024-04-05 года № 11591365-OK1, заключили настоящий договор о государственных закупках товаров (далее - Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем:

1 Предмет договора

1.1 Поставщик обязуется поставить Товар согласно условиям, требованиям и по ценам, указанным в приложениях к настоящему Договору, являющихся неотъемлемой его частью, а Заказчик обязуется принять Товар и оплатить за него на условиях настоящего Договора при условии надлежащего исполнения Поставщиком своих обязательств по Договору.

1.2 Перечисленные ниже документы и условия, оговоренные в них, образуют данный Договор и считаются его неотъемлемой частью, а именно:

- 1) настоящий Договор;
- 2) перечень лотов и условия поставки товаров (приложение 1);
- 3) техническая спецификация (Приложение 2).

2 Сумма Договора и условия оплаты

